

Мусабаева М.Д., Эбутэлт О.М.

АКЫН-ЖЫРАУЛАР ТІЛІНДЕГІ ДИАЛЕКТИЗМДЕР МЕН КАРАПАЙЫМ АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Мусабаева М.Д., Эбутэлт О.М.

ДИАЛЕКТИЗМЫ В ХУДОЖЕСТВЕННОЙ РЕЧИ ПОЭТОВ И ЭЛЕМЕНТЫ ПРОСТОЙ РАЗГОВОРНОЙ РЕЧИ

УДК:371/45-25

В данной статье рассматриваются языковые особенности и закономерности развития тесно взаимосвязанных с историей и культурой носителей казахского языка, которые направлены на изучение региональных особенностей диалектов.

This article deals with linguistic peculiarities and law of its development closely interrelated with the history and culture of the native Kazakh language speakers aimed at studying regional dialect patterns in the Kazakh language.

Жергілікті тілдік ерекшеліктер-жалпыхалықтық тіліміздің бір аймаққа тән тілдік көрінісі. Ол аймақтың тілдік материалы жалпыхалықтық тіл арнасымен жалғасып жатады да, кейбір лексикалық, фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктері жағынан одаң ерекшеленіп тұрады. Өзінің изоглостық шекарасы бар нақтылы территорияда өмір сүріп жатқан тілдік ерекшеліктер рутайпалық тілдің қалдықтарынан, сол жердің халқының шаруашылық кәсібіне байланысты қалдықтарынан, сол жердің халқының шаруашылық кәсібіне байланысты қалыптасқан сөздерінен, қонысы, тұрмыс-тіршілігі жағынан жақын көрші отырған елдер тілінің эсерінен, кейбір грамматикалық формалар арқылы семантикалық өзгеріске түскен жергілікті тілге ғана қатысты сөздер мен формалардан құралады.

Халық тілі топырағында көктеп өркен жайған әдеби тілдің сөз қазынасының кемелдеуінің сарқылмас бұлақ, құнарлы арнасы - халық сөзінің байлығы болатыны толассыз шындық. Күні кеше белгілі өлкеде тұратын жергілікті халық тілінде ғана қолданылып келген, өзге жердің қазағына мүлде бейтаныс не қилы сөздерді кітап, қағаз жүзінде, көркем шығармада, сахнада, радио-теледидар хабарында әдейілеп мақсат қоя қолдану нәтижесінде ол сөздердің әдеби тіліміздің сөз қорының шынайы игілігіне айналып отырғанын көріп, сезіп, біліп отырмыз. Әдепкіде құлаққа тосындау естілгенімен, айтыла келе бірте-бірте құлаққа сіңісіп, әдеби тіліміздің лексикасынан өзінің лайықты орнын алатынын тәжірибе көрсетіп жүр.

Ауызекі тілді халықтың ауызекі тілі деп арнайы атап көрсетудің өзі, асылында, жергілікті халықтың тілін әдеби тілден ажырата білу мүддесінен туған. Егер территориялық сипаты болмаса, ондай тіл құбылыстарын еш уақытта диалектілік белгі деп тануға болмайды. Диалектілік белгілерді тілдің жалпыхалықтық белгілерінен, әдеби белгілерінен ажыратудағы ең басты шарт, ең басты критерий-осы (1,9).

Әдеби тілдің негізінде сөз шеберлері шығармашылық жолмен дамытқан жалпыхалықтық тіл

жатыр. Әдеби тіл мен жалпыхалықтық тіл бір-біріне бүтіндей қарама-қарсы құбылыс емес. Бұл екеуінің арасында тығыз байланыс бар. Сөйлеу тілінің зор табысы ретінде әдеби тіл, бір жағынан, халық тіліне жергілікті диалектілерге өз ықпалын арттырып, диалектілерге өз ықпалын арттырып, диалектизмдерді ығыстырып отырса, екінші жағынан, сол халық тілі есебінен өзі де байып, толығырақ түседі.

Тіл мен оның даму заңдарын сол тілдің иесі болып табылатын халықтың тарихымен тығыз бірлікте, байланыста қараған уақытта ғана түсінуге болады дейтін белгілі қағиданы ескерсек, диалектілік ерекшеліктердің қыр-сырын Танып білуде де осы ерекшеліктерді тұтынушы жергілікті халықтың өткені мен бүгінгісінен хабардар болудың қанша-лықты мәні бар екенін аңғару қиын емес.

Қазақ тілінің жергілікті тіл ерекшеліктерінің ішіндегі бір саласы-дыбыстық ерекшеліктер. Бұл құбылыстың өзі қазақтың әдеби тіліндегі әрбір дыбыстың өзіндік ерекшеліктерімен сәйкес келеді. Фонетикалық ерекшеліктерді сөз етпестен бұрын мынадай бір жайды ескерте кеткіміз келеді. Белгілі бір дыбыстардың алмасуын сөз еткенде, алмасу сойленістердегі барлық сөздерде, сөздердің барлық позициясында кездеседі деп ойламау керек. Мысалы, кейбір дыбыстық алмасулар жүздеген сөздерді қамтыса, бірқатары он, жиырма шақты ғана сөзді қамтуы мүмкін. Енді бір алмасулар екі-үш сөздің теңірегінде ғана кездесуі мүмкін.

Дауыстылардың ішінде әр өлкенің қазағының тілінде бірінің орнына бірі жиірек қолданылатын дыбыстардың бір тобы-жуан ұ/о және жіңішке ү/о дыбыстарының алмасуы. Бұлардың бірінің қызметін бірі атқаруға бейім тұруының кейде өзіндік себептері де болады. Солардың ішіндегі ең бастысы-бұл дыбыстардың арқалайтын фонологиялық жүгінің солғындайтын кезі (2.24). Мәселен, қорытынды деген сөз қазақ жерінің көпшілік өңірінде осы үлгіде айтылғанымен, бірқатар жердің қазағының тілінде оны біз құрытынды деген нұсқада ұшыратамыз. Яғни бұл сөздің бірінші буынында бір жерде о қолданылса, бір жерде ұ қолданылатыны көрінеді. Бірақ осындағы екі ұдай фонетикалық вариантты қолданудан бұл сөздің семантикасы өзгеріске ұшырай қоймағаны байқалады. Мәселен, Нұрым Шыршығұлұлының «Қоштасу» дегек өлеңінде;

Елжіреп іші- бауырың елді ойласаң,

Бір жүрген қатар-құрбы теңді ойласаң.

Нүсерлетіп көздің жасын көп жыларсың,

Тетелес аға менен жеңге ойласаң,

Басында қызыл шарқат боп тұрғанда,

Сол үнің болар доурен енді ойласаң,-дейді.

(«Ай, заман-ай, заман-ай « (Бес ғасыр жырлайды. I том, Алматы, 1991,361 -бет)

Осы өлең жолында әдеби тілде нөсерлетіп деп қолданылатын сөз нүсерлетіп болып тұр. Жіңішке ө дыбысымен айтылатын сөз қысаң ү дыбысымен алмасқан, бір сөзбен айтқанда ашық және қысаң дауыстылар алмасқан. Ашық о,ө дыбыстарының орнына қысаң ұ,ү дыбыстарының қолданылуының жиі кездесетің жері-Қазақстанның батыс аймағы. Қазақ сөйленістеріндегі бұл дауыстылардың бірінің орнына бірінің ауып қолданылуында белгілі фонетикалық заңдылық бар. Дыбыс алмасуының осы түрі байқалатын сөздердің қысаң вариантының (құрытынды, құлдану, нүсер т.б) қазақ халқы тараған территорияның батыс атырабына тән екендігіне қарап, мұны осы атыраппен көршілес түркі тілдерінің (татар,башқұрт,ноғай) ықпалынан болған құбылыс деп бір тұрғыдан айтуға да болатын сияқты (1,27). Себебі кей сөздердегі о дауысты-сының қысаң айтылуы біздің тілімізден гөрі осы тілдерге тәнірек. Біздегі ұ орнына татар, башқұрт тілдерінде кәдімгі ү қысаң ұ-дан тыс қысаң ерін дыбысы у да қолданылады.

Дұрысында, татар,башқұрт тілдеріндегі кейінгі аталған у дыбысы - қазақ тіліндегі о дауыстысының орнына жүретін дыбыс. Ал дәл біздегідей о бұл тілдерде жоқ десек те болады. Ноғайлардың Алтын Орда кезінде де, Алтын Орда ыдырағаннан кейін де басқа қазақтардан гөрі Кіші жүз ру тайпаларымен қоныстас, жақын-жуық қатынастағы ел болғаны тарихтан белгілі (3.75)

ұ/o,ү/o дыбыстарының алмасатын шебі-сөздің бірінші буыны. Ал сөздің бірінші буынында ерін дауыстылары келген жерде екінші буындағы, тіпті үшінші буындағы қысаң және жартылай қысаң дауыстылардың еріндік сипатқа ие болуы-тілімізге тән заңдылық. Мұндай құбылыс қарақалпақ, ноғай тілдерінде де бар.

Кейбір сездерде әдеби тілде жіңішке е дауыстысымен айтылатын сездердің диалектіде жуан а дыбысымен айтылатыны кездеседі. Мысалы, Жанақ Сағындықұлының (бұрынғы Семей облысының Абыралы өңірінде туып өскен, 1770-1856) «Рүстем төреге айтқан сөз» деп аталатын елеңінде:

Ханзадан, қасиетті асыл тектім,

Досқа қорған болғанда жауыңа ектем.

Қатам болса, алдында кешір, тақсыр, дейді (Бес ғасыр жырлайды, I том,155-бет).

Немесе Шал ақынның (Тілеуке Құлекеұлы Кекшетау өңірінде дүниеге келген, 1748-1819) мына бір елеңінде:

Дүния деген шолақ депті,

Жан кеудеге қонақ депті,

Ақірет деген бір киім

Алып қайтар сол-ақ депті (I том, 146-бет)

Тура осы дүние сезі Ақмолла Мұхамедиярұлының (Уфа губерниясында дүниеге келген, 1831-1895) «Ақмолланың Есенгелдінің еліне жазғаны» деп аталатын елеңінде:

Адамы бұл заманның болды солай,

Бұл қылық, бұл мінезбен әр кез оңбай-

Дін жағына артық кеңіл қоя алмайды, Дүнияға зеректігі Аплатондай! (I том, 344-бет) деп жазады.

а/е дыбыстарының алмасуы тән сездердің таралу географиясы кең.

Дауыстыларға қарағанда дауыссыз дыбыстардың алмасуы, әрине, жиі ұшырасады. Қыпшақ-ноғай тобындағы тілдерді езге түркі тілдерінен ерекшелетін басты бір фонетикалық белгінің с-шылдық құбылыс болатыны көпшілікке аян.

С-шылдық деп отырғанмыз - түркі тілдерінің бірқатарындағы ш дауыссызының орнына с-ның қолданылуы. Мұны кез алдымызға нақтылы елестету үшін қазақ, қарақалпақ, ноғай әдеби тіліндегі бес деген сан есімнің ұйғыр, түркімен тілінде бәш, азербайжан, түрік, өзбек тілінде беш, башқұрт, татар тілінде биш болып айтылатынын еске салудың өзі-ақ жеткілікті. Осы дыбыс алмасуын біз ақын-жыраулар тілінен де байқаймыз. Мысалы, Асан қайғының мына бір өлең жолдарында:

Аңдып жүрген көп дұспан

Елге жау боп келеді. (I том,24-бет)

Бұқар жыраудың:

Қазығын қалайыдан қақтырып,

Токпағын сом алтыннан соқтырып,

Нақыра күміш шаптырып,

Шыны аяғын іштірген (I том, 105-бет)

Диалектологиялық деректерге үңілу осы с/ш барын аңғартады. Дәлірек айтсақ, мұндағы біраз сөздердегі с-ның тіліміздегі жалпы заңдылыққа қарама-қарсы ш-дауыс сызымен алмасатын жайы бар. Мәселен, мосқал,мосы,ұйқас, сері деудің орнына мошқал, мошы, ұйқаш, шері деп қолдану. Мұндай құбылыстың жиі байқалатын жері- қазақ жұрты тараған өңірдің түскей жағы. Оны біз оңтүстікте өзбек, түркімен, ұйғыр, қырғыз халқымен және батыста татар, башқұрт халқымен аралас отырған қазақтар тілінен мол ұшырастырамыз.

Қазақ жерінің батысында, теріскейінде тұрмыш/тұрмыс, мышық/мысық тәрізді жұптардың кездесуі с/ш алмасуы байқалатын сөздердің бірқатарының тағдырын бұдан гөрі басқашақ қарауды мақұлдайды. Изоглоссасы тым үлкен географиялық кеңістікті қамтитын мұндай сөздердің қазақ елімен аралас-құралас ағайын халық-татар тілінің ықпалы болуы да немесе халқымыздың құрамында бағзы замандарда болған тайпалық бір диалектіден қалған көне белгі болуы да ықтимал.

Дыбыс алмасуының осы түрі сияқты кірме құбылыстардың зуелгісі осы тілдердің қайсысына барып саятынын анықтаудың басты бір уәжі бар, ол-географиялық фактор. Осы фонетикалық белгіге қатысты Б.Бұхатын Монғолияда, Таулы Алтай автономиясы және республикамыздың шығыс бөлігінде тұратын қазақтардың тілінде айтылатын ұқ-шаш/оқмаш (ұқсас), тұрмұш (тұрмыс), шерік (серік), беш (бес) деген тәрізді бірнеше мысал келтіреді {4,38}.

Қазақстанның шығысында бұл сөздердің ш-мен айтылуында өзбек, түркімен тілінің үлесі бар еді десек, мұнымыз, әрине, асыра сілтегендік боп көрінер еді. Ал осы құбылысқа қазіргі Алатау атырабындағы қырғыз тілінің қатысын айтудың еш

әбестігі жоқ. Олай дейтіміз, қырғыздардың кейінгі қонысқа сол шығыс жақ беттен бергі дәуірлерде келіп ірге тепкені тарихтан аян (1.93).

Мұндай ерекшеліктер тек фонетикалық ерекшеліктерді ғана емес, эрине, лексикалық ерекшеліктерді де қамтиды.

Жергілікті сөйленістерге тән лексикалық ерекшеліктерді сөз еткенде, сол өңірдегі жергілікті халықтар тілінде ғана айтылатын, әдеби тілде қолданылмайтын, ал қолданыла қалса, басқа мағынада жұмсалатын сөздер деп түсінуіміз керек. Диалектілік лексика мен әдеби тіл лексикасы өзара байланысты. Бір ерекшеліктер әдеби тілге еніп, оны байытып жатса, енді бірқатар диалектілік ерекшеліктер әдеби лексиканың нормалануына керісінше эсер етіп, диалектілік лексикада әдеби тілмен қатар өмір сүреді. Ақын-жыраулар тілінде кездесетін диалектизмдердің басым көпшілігі заттар мен құбылыстардың атын білдірсе, бірсыпырасы сындық белгісін көрсетеді. Ал енді бірқатар сөздердің лексикалық қызметі іс-әрекет, қимыл процесін, сондай-ақ мезгілді, амалды, көңіл-күйін білдіруге байланысты. Мысалы,

Аяққа шарық байладым,

Қызметке басты сайладым (Қашаған Күржіманұлы, 2-том, 93-бет).

Шарық-көннен істелген аяқ киім. Елміздің батысында және Түркіменстандағы қазақтар тілінде айтылады. Қашаған ақынның өзі Түркіменстанның Ташауыз қаласының маңында туған. Қазақстанның солтүстік, орталық аймақтарында тұратын халықтар тілінде шәрке сөзі айтылады. Шарық-орау, шаңду мәніндегі шару етістігінен жасалған туынды сөз, ойткені шарықтың жиегін таспамен айнала іліп, етіктің басына шаңдып байлап тастайды. Ұйғыр тіліндегі чорук азербайжан тілінде чарыл түрінде қолданылады.

Осындай үгіт айтсан, ұнатпайды Оз-өзін опалаған кейбір дәйіс (Тұрмағанбет Ізтілеуов, аталған еңбек 2-том, 448-бет)

Бұл сөз - Қызылорда өңірі Қармақшы ауданында жиі қолданылатын диалект сөз, мағынасы-ұятсыз, арсыз. Бұл сөз -парсы тілінен енген сөз. Парсыша – қазақша аездікте дәйіос-ұятсыз, арсыз деп берілген (5.210)

Қар жауар күн-түн оның қабағынан

Жалбырар байтабасы балағынан

(Мәделі Жүсіпқожаұлы, 2-том,262-бет).

Байтаба- диалектілік сипаттағы кірме сөз, парсы тілінен енген, жүннен тоқылған шұлғау. Өзбек тілінде пайтаба, каракалпақ, тэжік тілдерінде пайтаба сөздері жалпы шұлғау мәнінде жұмсалады.

Диалектілер тобында сан алуан лексикалық, фонетикалық ерекшеліктермен қатар грамматикалық өзгешеліктер де ұшырасады.

Етістіктің грамматикалық тұлғаларына қатысты ерекшеліктердің басты біреуі-ұлы қосымшасы. -ұлы жұрнағы диалектіде етістіктің барлық түбірлеріне жалғанып, оларға откен шақтық мағына үстейді. Мысалы

Ақшаға жаны толұлы,

Әбден жолы болұлы.

(Қашаған Күржіманұлы, аталған еңбек, 2-том, 90-бет).

-ұлы жұрнақты тұлға сөйленістері ең актив қолданылатын тұлғалар қатарына жатады. Ол Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан облыстары мен Ақтөбенің осы облыстармен шектес аудан-дарында жиі айтылады.

Ақын-жыраулар тіліндегі дйалектизмдер мен ауызекі сөйлеу тілінің элементтері етістік тұлғаларындағы - тұғын түрінде де кеп кездеседі. Мысалы,

Қырында киік жайлаған,

Суында балық ойнаған.

Оймауыттай тоғай егінің,

Ойына келген асын жейтұғын

(Асан қайғы, аталған еңбек, 1-том,23-бет)

-Тұғын тұлғалы етістіктер еліміздің оңтүстігінде көбірек қолданылады. Бар, жоқ деген модаль сөздерге жалғанып, бартұғын, жоқтұғын болып айтылуы да еліміздің оңтүстік сөйленістеріне тән құбылыс. Кейде бартұғын деудің орнына бартын деп қысқартылған, ықшамдалған түрінде де қолданылады.

Фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ерекшеліктердің ішінде лексикалық сипаттағы сөздер басым болса, ақын-жыраулар тілінің лексикасы Қазақстанның әр түкпіріндегі тұрғындардың бәріне бірдей, ортақ болғанымен, оның ішінде сөз екінші бір жерде қолданылатын мөз екінші бір жерде қолданылмауы мүмкін немесе әдеби тілде белгілі бір мағынада қолданылатын сөз сөйленістерде қосымша мағынада қолданылуы мүмкін.

Сөз зергерлері - ақын-жыраулардың шығармаларын қарастыра отырып, олардың өздеріне ғана тән тілдік өрнектері мен шығармаларындағы жергілікті тіл ерекшеліктері, қарапайым ауызекі сөйлеу тілінің ерекшелік сипатта көрініс беруі сөздік қоры мол әдеби тіліміздің мүмкіншіліктерін өзіндік тіл қолданысына еркін бағындыра білген тұлғалар вклтлітіті хабар береді.

Пайдаланған әдебиет:

1. Омарбеков С., Жүнісов Н. Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі.-Алматы,1985
2. Омарбеков С. Қазақдың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер.-Алматы, 1965 ^
3. Волкова Н.Т. Этнонимы и племенные названия Северного Кавказа.-Москва,1973.
4. Бұхатын Б.Монғолиядағы қазақтардың тілі.-Уланбаатар-Өлгий, 1991.
5. Жемекей И.Парсыша-қазақша сөздік.-Алматы,2003.
6. Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы.-Алматы,1991.
7. Нұрмағанбетов Ә. Әдеби тілдің дамуында диалектілердің алатын орны//Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары.-Алматы,1981
8. Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімі мәселелері.-Алматы 2000.
9. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі,-Алма-ты,1969
10. Жүнісов Н. Халық тілінің жергілікті ерекшеліктері. -Алматы,1981.
11. Тасымов А. Қазақ диалектологиясы.-Алматы, 2005.
12. Ай, заман-ай, заман-ай... (Бес ғасыр жырлайды) - Алматы,1991.

Рецензент: д.филол.н. Тоқоев Т.